

Жақсы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № а-3/85 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңына сәйкес Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жақсы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л.Сейдахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Сүйіндіков

Жақсы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "14" 04
№ а – 3/85
қаулысына қосымша

Жақсы ауданы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

1. "Жақсы ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Жақсы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № а-9/416 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4474 болып тіркелген, 2014 жылы 8 желтоқсанда "Жақсы жаршысы" газетінде жарияланған);

2. "2016 жылға арналған Жақсы ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Жақсы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № а-11/307 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5136 болып тіркелген, 2015 жылы 28 желтоқсанда "Жақсы жаршысы" газетінде жарияланған);

3. "Жақсы ауданы бойынша 2016 жылға қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсынысты айқындау, ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олардың қаржыландыру көздерін бекіту туралы" Жақсы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № а-12/318 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5173 болып тіркелген, 2016 жылы 18 қаңтарында "

Жақсы жаршысы" газетінде жарияланған);

4. "2016 жылға арналған Жақсы ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Жақсы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № а-11/307 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Жақсы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № а-0/05 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5243 болып тіркелген , 2016 жылы 15 ақпанда "Жақсы жаршысы" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК